

Озара әріптестік туралы МЕМОРАНДУМ

«Көкшетау қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі және «Ариа» Көкшетау жоғары кәсіптік, бұдан әрі «Тараптар» Қазақстан Республикасының «Волонтерлік қызмет туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының заңдарын биешылыққа ала отырып, өз құзыреттері мен өкілеттіктері шегінде келісімге келді және төмендегі туралы Меморандумға қол қойды:

1. Меморандумның мақсаты мен мәні

1.1. Осы Меморандумның негізгі мәні – ерікті қоғамдық пайдалы іс-шаралар шеңберінде Тараптармен ынтымақтастық аяра іс-әрекетін қамтамасыз ету.

1.2. Осы Меморандумды жүзеге асыру мақсатында Тараптар өзара ынтымақтастықтың келесі бағыттарын анықтайды:

1.2.1. жеке және заңды тұлғаларға көмек көрсету, азаматтардың денсаулығын, қоршаған ортаны қорғауға, тарихи және мәдени мұраны сақтауға, дене шынықтыру мен спортты дамытуға, сондай-ақ қоғамдық алауқатты қамтамасыз етуге бағытталған басқа да мақсаттарға қолдау көрсету;

1.2.2. азаматтық ұстанымды, өзін-өзі ұйымдастыруды, қоғамдағы әлеуметтік жауапкершілік сезімін, ынтымақтастықты, өзара көмек пен мейірімділік сезімін қалыптастыру;

1.2.3. Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тараптармен өзара келіскен ынтымақтастықтың өзге де бағыттары.

2. Ынтымақтастық нысандары

2.1. Меморандумды жүзеге асыру аясында бірлескен іс-шаралар өткізу

2.2. Әріптестік, теңдік және өзара мүдде қағидаттарындағы ынтымақтастықтың басқа нысандары.

3. Ынтымақтастықты ұйымдастыру

3.1. Осы Меморандумды жүзеге асыру бойынша ынтымақтастықты үйлестіру үшін Тараптар өз өкілдерінен байланыс тұлғасын тағайындай алады.

3.2. Тарихи-мәдени мұраны сақтау, тарихи-мәдени өмір сүру ортасын қалпына келтіру және сақтау үшін мүмкіндіктерді құруға қатысу;

3.3. Білім беруді, ғылымды, мәдениетті дамытуға, білімді насихаттауға, инновацияны дамытуға қатысу;

3.4. Қазақстан Республикасының заңдарында басқасы көзделмесе, еріктілер лагерлерінің қызметі, археологиялық қазба жұмыстарына қатысу, тарихи ғимараттардың қасбеттерін қалпына келтіру, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған жазғы сауықтыру лагерлерінің жұмысы, конгресс-көрме қызметін қоса алғанда, аймақтық, өңіраралық, республикалық және

халықаралық мәдени, бұқаралық және басқа да мәдени-көпшілік іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;

3.5. Тараптар осы Меморандум бойынша қабылданған міндеттемелерді орындау бойынша бір-біріне барынша көмек көрсетуге тырысады.

3.6. Тараптар келісті:

3.7. Осы Меморандумды орындауда келісілген тәртіп пен тәсілдер бойынша бірлескен жұмыстарды (жобалар мен бағдарламаларды) жүзеге асыруға жәрдемдесу;

4. Қорытынды ережелер

4.1. Осы меморандум қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және белгісіз мерзімде әрекет етеді.

4.2. Меморандум Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін. Осы Меморандумға өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде (екі данада) жасалады және Тараптармен қол қойылады.

4.3. Осы Меморандум Тараптардың бірінің бастамасы бойынша Меморандумның тоқтатылуының болжамды күніне дейін 30 күнтізбелік күннен кешіктірілмей басқа Тарапқа жазбаша хабарлама жіберу арқылы қолданылуы тоқтатылуы мүмкін.

4.4. Меморандумның қолданылуын тоқтату оны жүзеге асыру мақсатында Тараптармен жасасқан келісімдерді бұзуға негіз болып табылмайды.

4.5. Меморандум Көкшетау қаласында 2020 жылғы 24 қаңтар күні мемлекеттік және орыс тілдерінде екі данада жасалды.

Тараптар қолдары:

«Көкшетау қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы



«Арна» Көкшетау жоғары колледжінің директоры

А.Сәбитова

Д.Такенова